

Интеграциялық Комитетті ұстау үшін қаражат бөлу

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 19 маусымдағы N 287

1996 жылдың 29 наурызында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы қол қойған экономика және ізгілік салаларында интеграцияны тереңдету жөніндегі Шартқа сәйкес құрылған Интеграциялық Комитеттің қызметінің жұмыс істеуін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оны ұстау үшін 1996 жылдың бюджетінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық және үкіметаралық органдарын үлестік ұстауға арналып көзделген қаражат есебінен 5 млн. (бес миллион) теңге бөлсін.

Премьер-Министр